



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

03.07.2025 жыл

№ 6, 3-т.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және
жоғары білім қызметкерлері салалық
кәсіподағының 2024 жылғы ұжымдық-шарттық
жұмыстың қорытындысы туралы.**

Кәсіподақ төрағасы орынбасарының «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының 2024 жылғы ұжымдық-шарттық жұмыстың қорытындысы туралы» ақпаратын тыңдай және талқылай келе, Атқару комитеті өткен 2024 жылы әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылғанын атап өтеді.

Салалық кәсіподақта 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 8 647 бастауыш ұйым бар.

Кәсіподақ ұйымдарымен жасалған ұжымдық шарттар саны – 7 260. 2024 жылы 4 933 шарт жасалды, оның ішінде алғаш рет жасалғаны – 128.

2024 жылы жұмыс берушілердің ұжымдық шарттардағы міндеттемелерін орындауға жұмсаған жалпы шығындар саны – 8 253 305 000 теңге. 2023 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1 156 234 000 теңгеге артқан.

3 бастауыш кәсіподақ ұйымында ұжымдық шарт жасалмаған. Қазіргі кезде олармен келіссөздер жүргізілуде.

Кәсіподақ бар ұйымдардағы қызметкерлер саны – 626 159 адам. Ұжымдық шарттар солардың тек 594 421 қызметкеріне ғана қолданылады.

Жалпы алғанда, мүшелік ұйымдардың ұжымдық шарттары мазмұны жағынан қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келеді, олардың жобалары Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыс бөлімі әзірлеген әдістемелік ұсынымдар негізінде дайындалады.

Мониторинг жүргізу мақсатында барлық ұжымдық шарттар мемлекеттік еңбек инспекциясына ұсынылған.

Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары әлеуметтік пакет көлемін кеңейту және оның жалпы құнын ұлғайту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Алайда келесі мәселелер әлі де толық шешімін таппаған:

- жұмыс берушілердің өз міндеттемелерін орындамауы және ұжымдық шарттар мен салалық келісімдердің жекелеген ережелерін орындамауы үшін жауапкершілігінің төмендігі;

- бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі;
- бюджеттік ұйымдарды шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарға және өзге де ұйымдаструшылық құқықтық нысандарға қайта құру үдерістері;
- жұмыс берушілер тарапынан кедергілер жасау, келіссөздерді ұзарту, шарт талаптарын іріктеп орындау тәжірибесі;
- ұжымдық шарттардың орындалу барысын тиісті деңгейде бақылаудың болмауы;
- әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік салалық комиссиялардың тиімді жұмыс істемеуі.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Орталық комитет аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімінің «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының 2024 жылғы ұжымдық-шарттық жұмыстың қорытындысы туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басқарушы органдарына:

- Съезде қабылданған Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы қызметінің 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасында қойылған ұйымдар деңгейінде әлеуметтік әріптестік сапасын арттыру міндетін орындауға бағытталған кешенді шаралар қабылдансын;

- жұмыс берушілердің келісімдер мен ұжымдық шарттар талаптарын орындауына тиісті қоғамдық бақылауды қамтамасыз етсін;

- ұжымдық-шарттық қатынастарды ақпараттық сүйемелдеудің сапасын арттырсын;

- кәсіподақ активін жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізудің заманауи әдістеріне және еңбек құқығы негіздеріне оқыту бойынша жұмысты жандандырсын.

3. Орталық комитет аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөліміне (Р.М. Қыдырбаева):

- әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру бойынша әдістемелік қамтамасыз ету деңгейін арттырсын;

- кәсіподақтың еңбек құқықтары жөніндегі құқықтық инспекторларын жүйелі түрде оқытуды ұйымдастырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева